

FTAХР 06.35.31
ЭОЖ 336.01

С.К. БАРЫШЕВА,¹

Э.ғ.к., доцент.

Ә.Ж. ДОСАЕВА,¹

Э.ғ.к., доцент.

«Туран» университеті¹

КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУДАҒЫ САЛЫҚ ЖОСПАРЛАУЫНЫҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Мақаланың өзектілігі салықтық жоспарлаудың ҚР Салық кодексіне сәйкес салықтар мен төлемдерді оңтайландыруға ықпал ететіндігімен анықталады. Салық міндеттемелерін оңтайландыру – бұл Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жеңілдіктер мен ережелерді қолдана отырып, салықтар мен төлемдерді азайтуға бағытталған кәсіпкерлік субъектілерінің шаралары. Салықтық жоспарлау кірісті арттыру және салықтық міндеттемелерді азайту сияқты мәселелерді шешуге бағытталған. Салық құрылымдары үшін есептік құжаттар мен салық есептілігін ашып, кәсіпорындар салықтар мен төлемдерді оңтайландыруға бағытталған. Ол үшін кәсіпкерлік субъектілері салықтық жоспарлауды қолданады, онда салық заңнамасына сәйкес жеңілдіктерді пайдалану негізінде салықтық жеңілдіктер қарастырылған. Жалпы, оңтайландыру дегеніміз – жалпы жағдайды жақсартуға бағытталған кез келген іс-әрекет. Салық бөлігінде оңтайландыру салық көрсеткіштерінің үйлесуі және олардың негізінде салық міндеттемелері мен кәсіпорындардың қаржылық жағдайын есептеуді жақсартуды көздейді. Салықтар мен төлемдерді, сондай-ақ салықтық жоспарлауды оңтайландыру құралдарының бірі салықтық есеп саясатын жасау болып табылады. Салық саясаты компанияның барлық салық ерекшеліктерін ашады, сонымен бірге салық құжаттарын ашуды қарастырады. Мақалада, сонымен қатар салықтық жоспарлаудың түрлері – стратегиялық және тактикалық сипаттамалары көрсетілген. Ұзақ мерзімді салықтар мен төлемдерді оңтайландыру үшін салықтық стратегиялық жоспарлау жасалуда. Салықтар мен төлемдердің нақты түрлері бойынша ағымдағы есеп беру уақытының жоспарын жасау тактикалық салықтық жоспарлаудың шаралар жиынтығын білдіреді. Салықтық жоспарлаудың негізгі мақсаты – салық міндеттемелерін оңтайландыру және кәсіпорындардың тиімділігін арттыру екенін атап өтілді.

Тірек сөздер: салықтық жоспарлау, оңтайландыру, корпоративті табыс салығы, салық ауыртпалығы, салық есебі, есеп саясаты, қызметтің тиімділігі.

Корпоративті табыс салығы фискалдық жүйенің маңызды бөлігі болып табылады. Төлем жүргізетін кәсіпорындар үшін бұл салық төлемдерінің ең үлкен үлесін алатын шығын түрі, ал төлемді жинайтын бюджет үшін бұл кірістің маңызды бөлігі болып табылады. Көріп отырғанымыздай мүдделер қақтығысы орын алып отыр, себебі кәсіпорындар бұл төлемді азайтуды, ал салық органдары көбейтуді қалайды. Осы мәселенің компромиссті шешуі болып корпоративтік табыс салығын оңтайландыру механизмі болып табылады. Ол дегеніміз, заңды тұлғалар заңнамада бекітілген принциптер мен ережелерді бұзбайтын тәсілдер мен амалдарды қолданып, осы салықтың төлем мөлшерлемесін азайтуына болады. Оңтайландыру барысында кәсіпорынның салықтық жоспарлау жүйесінің рөлі өте маңызды болып табылады.

Қазіргі заманғы кәсіпорындардың қызметінде салықтық жоспарлаудың рөлі барған сайын арта түсуде. Салықтық жоспарлау кәсіпорынның салық ауыртпалығын төмендетуіне бағытталады, әсіресе корпоративтік табыс салығын оңтайландыруда белсенді қолданылады. Салық ауыртпалығын төмендету арқылы компания өзінің шығын баптарын азайтып, ұзақ мерзімді уақытта бәсекеге қабілеттілігі мен табыс көлемін жоғарлатады. Салықтық жоспарлауды қолдану кәсіпорынды тіркеген кезден басталады, себебі кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысаны, оның құрылымы мен орналасуы болашақта салықты оңтайландыру және кәсіпорынның салық ауыртпалығын төмендету процесінде маңызды рөл атқара алады. Салықты жоспарлау процесі тек салық төлемдерінің азаюымен ғана шектелмеуі қажет, керісінше кәсіпорынды тиімді басқару мен басқару жүйесін құруға әкелуі керек. Бұл дегеніміз, салықтық жоспарлау бір реттік жоба емес, кәсіпорынның қызметін жақсартудың тұрақты стратегиясы болып табылады.

Салық базасын қалыптастыру процесін, сондай-ақ корпоративті табыс салығының сомасын есептеуді жақсы түсіну үшін біз төмендегі суретте корпоративтік табыс салығының есептеу схемасын көрсеттік (сурет 1).



Сурет 1 – Корпоративтік табыс салығының есептеу схемасы

Ескертпе – [1] негізінде авторлар құрастырған.

Бұл схемада көріп отырғанымыздай, корпоративті табыс салығының мөлшері зерттелетін салық кезеңіндегі барлық түзетулер мен шегерімдерді ескере отырып, жылдық жиынтық табыс болып табылатын салық салынатын кірісті есептегеннен кейін анықталады. Салық салынатын кірісті есептеу кезінде кіріс пен шегерімдер танудың әртүрлі шарттары мен талаптарын ескеру қажет. Бұл процесс салық және бухгалтерлік есеп регламенттерінің айырмашылықтарымен қиындатылған, оларды синхрондау үшін салық тіркелімдері мен қолданыстағы заңнамаларға қосымша талдау жүргізу қажет. Салық пен бухгалтерия арасындағы кірісті анықтаудағы осындай қиындықтарды ескере отырып, шығындар мен кірістердің баптарын неғұрлым дұрыс анықтау үшін салық есебін жеке есеп жүйесі ретінде бөліп көрсету қажет. Әрине, мұндай бөлек есеп жүргізу қосымша ресурстарды пайдалануды қажет етеді, бірақ сонымен бірге бұл тиімділікті арттырады және компанияның салық міндеттемелерін есептеу кезінде қателіктерге жол бермеуге мүмкіндік береді.

Салық салынатын пайданың бухгалтерлік пайданың айырмашылығы бар, өйткені олардың әрқайсысы жеке ережелер мен ережелер негізінде анықталады. Бухгалтерлік пайданы анықтау үшін ХҚЕС стандарттары пайдаланылады, ал корпоративті табыс салығын есепке алу осы стандарттарының 12 «Табыс салығы» стандарты негізінде жүзеге асырылады. Өз кезегінде, салықтық пайда есептелген Салық кодексінің талабы негізінде жүргізіледі.

Салықтық жоспарлау әр компания үшін жеке-дара құрастырылады, бірақ жалпыға бірдей қабылданған әдістер мен тәсілдерге негізделеді. Салықтық жоспарлаудың тиімді жүйесін қалыптастыру қажеттілігі кәсіпорынның жалпы салық ауыртпалығына байланысты. Егер салықтық төлемдер белгілі бір көрсеткішті өтетін болса, салықтық жоспарлау ұйымдастыру кәсіпорын мен басқарушы персоналдың бірінші кезектегі міндетіне айналып, осы бағыттағы жұмысты міндетті түрде бастауы керек. Әрі қарай, егер салық жоспарлаудың тиімді жүйесі болған жағдайда кәсіпорын алатын артықшылықтарды қарастырамыз:

- ◆ қаржылық мәселелерді жедел анықтау және оны тиімді жою;
- ◆ қолайлы жағдайлардан пайда табуға уақыт беретін, өзгеріп отыратын ортаны тез талдау мүмкіндігі;
- ◆ сыртқы жағымсыз жағдайларда салықтық жоспарлау кәсіпорынды тиімді дайындауға мүмкіндік береді;
- ◆ кәсіпорынның тез өсуі үшін қолда бар ресурстарды тиімді пайдалану және тарату;
- ◆ компанияның қаржылық тұрақтылығы мен маңыздылығын арттыру.

Талқыланып отырған мәселеге қатысты ғылыми және қаржылық ақпаратты талдау нәтижесінде, салық салу мәселелерімен айналысатын зерттеушілер мен академиктер салық жоспарлау тұжырымдамасында әлі күнге дейін бір пікірге келе бермейтіндігіне көзіміз жетті. Осы тақырыптағы авторлардың көпшілігі тұжырымдаманың көп бөлігін шатастырып, сол арқылы одан сайын түсініксіздік туғызады. Олар салық ауыртпалығы, салық минимизациясы және оңтайландыру, салық әкімшілігі мен жоспарлау және т.б. түсініктерді біріктіреді.

Кәсіпорынның салық саясаты – бұл компания салық есебі саласында жүргізетін шаралардың жүйесі, яғни кәсіпорынның салық міндеттемелерін есептеу мен төлеу, сондай-ақ кәсіпорынның мемлекеттік органдармен қарым-қатынасты жүргізуі. Кәсіпорын деңгейінде салық саясатының міндеттері:

- ◆ айыппұлдарды болдырмау мақсатында барлық салық міндеттемелерін уақытында тізімдеу;

- ◆ салық операцияларын оңтайландыру;


- ◆ қысқа мерзімді мақсаттарға жету үшін компания қаражатын салық төлемдерінен босату;

- ◆ кәсіпорынның адал емес салық төлеушілер қатарына кіруіне жол бермеу [2].

Өз кезегінде салық саясатын уақыт өлшеміне сәйкес жіктеуге болады:

- ◆ экономикалық қызмет барысында туындайтын қысқа мерзімді мәселелердің шешімі болып табылатын салық тактикасы;

- ◆ салықтық жоспарлау бойынша қойылған ұзақ мерзімді мақсаттарға жету үшін ұзақ мерзімді шараларды әзірлеу процесі болып табылатын салық стратегиясы [3].



Сурет 2 – Салықтық жоспарлаудың уақыт бойынша жіктелуі

Ескертпе – [2] негізінде авторлар құрастырған.

Басынан бастап ойластырылған салық жоспарлау тактикасы мен стратегиясы компанияға ақша үнемдеуге және келесі мәселелерді шешуге көмектеседі:

- ◆ жалпы салықтық шегерімдерді оңтайландыру;

- ◆ салық төлемдерінің ойластырылған күнтізбесін құру;


- ◆ салық рентабельділігі бойынша жобаларды бағалау жүйесін қалыптастыру;

- ◆ компанияның қаржылық көрсеткіштерін объективті есептеу жүйесін енгізу.

Корпоративтік табыс салығын оңтайландыру процессін ұйымдастыру салықтық жоспардың негізгі үш кезеңінде жасалынады [4]. Бірінші кезеңде салықтық жоспарлау процессінің құрылымдық және ұйымдастырушылық қалыптасуы жүргізіледі. Осы кезеңнің тиімділігін арттыру үшін кәсіпорынға сыртқы көзқарасы бар немесе осы мәселеде біліктілігі жоғары мамандар тартылуы мүмкін. Ұйымдастыру кезеңінің маңызды элементі болып кәсіпорынның кадрлық құрамын қалыптастыру болып табылады. Бұл, ең алдымен, салықтық жоспарлау процесіне тікелей қатысатын персонал, дәлірек айтсақ, әдістерді әзірлеуге және оларды жүзеге асыруға қатысатын мамандар. Көбіне бұл кадрлар қаржы, бухгалтерлік есеп және кәсіпорынның заңды құрылымдық бөлімшелерінен алынады. Осы мамандардың тиімді жұмысы үшін материалдық және интеллектуалды ресурстар қажет, яғни еңбек құралдарымен ақшалай инвестицияларды қоса. Сонымен қатар, салықтық жоспарлау тиімді болуы үшін үздіксіз ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету маңызды. Ақпарат салықтық жоспарлауда шешім қабыл-

дау үшін ең маңызды фактор болып табылады. Ақпаратты тек ішкі ақпарат көздерінен ғана емес, сыртқы әлемнен алған да маңызды, себебі ол жерден келетін кері байланыс кәсіпорынның салық оңтайландыруының тиімділігін арттыру үшін маңызды. Сыртқы ақпарат көздері ретінде салық комитетінің ақпараты, заңнамалық базадағы өзгерістер, сыртқы мамандардың консультациялық кеңестерді қарастыруға болады. Ішкі ақпарат әртүрлі ішкі бөлімдерден келеді.

Қорыта келсек, кәсіпорында салықтық жоспарлау жүйесін құру кезінде ұйымдастырушылық кезең шешуші маңызға ие екеніне көзіміз жетті.



Сурет 3 – Салықтық жоспарлау кезеңдері

Ескертпе – [4] негізінде авторлар құрастырған.

Талдау кезеңі салықтық жоспарлаудың екінші кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде салықтық жоспарлау тобының басшысы ақпараттық базаны қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастырып, келесі ақпаратты талдаудан өткізеді:

- ◆ кәсіпорынның салық міндеттемелерінің жиынтығы;
- ◆ салық салу объектілері, салық базасын анықтау тәртібі;
- ◆ жабдықтау, өндіріс және өткізу жүйелерінің ерекшеліктері;
- ◆ компанияның маңызды клиенттері туралы ақпарат;
- ◆ компанияның құрылымы мен орналасқан жері;
- ◆ компанияның даму жоспарлары.

Үшінші кезеңде алғашқы екі позицияны іс жүзінде жүзеге асыру орындалады, яғни алдыңғы кезеңдерде құрастырылған әдістер мен шаралар енгізіледі. Бұл кезеңде келесі операциялар жүзеге асырылады:

- ◆ қадамдарды заң және бухгалтерлік қызметтермен келістіру;
- ◆ кәсіпорынның басқа құрылымдық бірліктерімен кеңесу;
- ◆ қабылданатын шешімдердің жобасын қалыптастыру;
- ◆ шешімді бекіту;
- ◆ құжаттарды дайындау;
- ◆ практикалық іске асыру;
- ◆ іске асыру қызметіне мониторинг жүргізу.

Қызмет түріне, меншік формасына және қолданылатын салық режиміне қарамастан барлық кәсіпорындар өздерінің салықтық жоспарлау жүйесін құруы керек. Мұндай жүйені қалыптастыру кезінде салықтық жоспарлаудың негізгі принциптерін ұстану қажет, олардың қатарына келесі принциптер жатады.

1. Зандылық принципі – бұл дегеніміз салықтық жоспарлау барысында қолданылатын әдістер мен тәсілдер заң шеңберінде болуы керек және оның сыртына шықпауы керек. Заңда қарастырылмаған немесе өрескел бұзатын әдістерді қолдану салық органдарының санкцияларына алып келеді. Сондықтан корпоративті табыс салығын оңтайландыру барысында ешқандай мәлімет жіберілмей егжей-тегжейлі ойластырылуы керек.

2. Шығындар мен үнемдеуді кешенді талдау принципі – салықты жоспарлаудың әдісін қолданған кезде кәсіпорын алуы мүмкін барлық шығындар мен жеңілдіктерді есептеу қажет. Мұндай талдаудың негізгі компоненті – бұл әдісті қолданған кезде алынатын пайда залалдың орнын жабатындығын есептеу. Салыққа байланысты қызметкерлердің әдістерді түсінуі өте маңызды, өйткені олар әдіс-тәсілдерді дұрыс түсінбей, қателік жіберуі мүмкін.

3. Құпиялылық принципі – қолданылатын салықтық оңтайландыру әдістері құпия болуы керек дегенді білдіреді, өйткені кәсіпорын жүргізген оңтайландыруға қатысты ақпаратты тарату кәсіпорынға кері әсер ету мүмкін.

4. Салықты оңтайландырудың күрделілігі принципі – мүмкін салық төлемдерін азайту үшін компания әр түрлі әдістерді қолдануы керек дегенді білдіреді.

Қорыта келе, салықтық жоспарлау процестеріне байланысты мәселелерді тиімді шешу үшін кәсіпорынның салық саясатын әзірлеу және ұйымдастыру қажет. Кәсіпорынның салықтық жоспарлау жүйесін құрайтын барлық маңызды элементтерін ескеру қажет. Оның ішіне салықтық есепке алу мен жоспарлаудың формалары мен құралдары, есеп саясаты мен бухгалтерлік есеп арасындағы элементтерді байланыстыру және т.б. элементтерді анықтау іс шараларын әзірлеу қажет. Сонымен қатар, салық саясаты бухгалтерлік есеп деректерін пайдалану мүмкін болмаған жағдайларда кәсіпорында қолданылатын салықтық есепке алу регистрлерін анықтап, бекітуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Салық Кодексі, 2017 жыл 25 желтоқсан № 121–VI (02.07.2020 ж. өзгерістер мен толықтырулармен): https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36148637.

2 Савицкая Г.В. Методика комплексного анализа хозяйственной деятельности: учеб. пособие. Четвертое издание. – М: ИНФРА-М, 2017. – 608 с.

3 Ганбарова У.М. Налоговое планирование и оптимизация налогообложения в организации в налоговом консультировании // Бенефициар. – 2017. – № 17. – С. 31–34: <http://beneficiar-idp.ru/wp-content/uploads/v17.pdf>.

4 Майбурова И.А., Иванова Ю.Б. Налоговый менеджмент. Продвинутый курс: учебник для магистрантов. – М: ЮНИТИ-ДАНА, 2014. – 559 с.

С.К. БАРЫШЕВА,¹

к.э.н., доцент.

А.Ж. ДОСАЕВА,¹

к.э.н., доцент.

Университет «Туран»¹

РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ НАЛОГОВОГО ПЛАНИРОВАНИЯ В ОПТИМИЗАЦИИ КОРПОРАТИВНОГО ПОДОХОДНОГО НАЛОГА

Аннотация

Актуальность статьи определяется тем, что налоговое планирование способствует оптимизации налогов и платежей согласно Налоговому кодексу РК. Оптимизация налоговых обязательств представляет собой комплекс мер хозяйствующих субъектов, направленных на уменьшение налогов и сборов, используя льготы и положения согласно Налоговому кодексу Республики Казахстан. Налоговое планирование направлено на решение таких задач, как повышение доходности и снижение налоговых обязательств. Раскрывая учетную документацию и налоговую отчетность для налоговых структур, предприятия нацелены на оптимизацию налогов и сборов. Для этого субъекты хозяйствования используют налоговое планирование, которое предусматривает снижение налогов на основе использования льгот согласно налоговому законодательству. В целом оп-

тимизация представляет собой любое действие, направленное на улучшение общего состояния. В налоговой части оптимизация предусматривает сочетание налоговых показателей и на их основе улучшение расчета налоговых обязательств и финансового состояния предприятий. Одним из инструментов оптимизации налогов и сборов, а также налогового планирования является разработка налоговой учетной политики. Налоговая политика раскрывает все особенности налогов предприятия, а также предусматривает раскрытие налоговой документации. В статье также раскрываются виды налогового планирования – стратегического и тактического. Для оптимизации налогов и сборов на долгосрочное время разрабатывают стратегическое налоговое планирование. Разработка плана на текущее отчетное время по конкретным видам налогов и сборов означает комплекс мер тактического налогового планирования. Хотелось бы отметить, что главной целью налогового планирования является оптимизация налоговых обязательств и повышение эффективности деятельности предприятий.

Ключевые слова: налоговое планирование, оптимизация, корпоративный подоходный налог, налоговое бремя, налоговый учет, учетная политика, эффективность деятельности.

S.K. BARYSHEVA,¹
c.e.s., associate professor.
A.ZH. DOSSAYEVA,¹
c.e.s., associate professor.
Turan University¹

THE ROLE AND SIGNIFICANCE OF TAX PLANNING IN CORPORATE TAX OPTIMIZATION

Abstract

The relevance of the article is determined by the fact that tax planning contributes to the optimization of taxes and payments in accordance with the Tax code of the Republic of Kazakhstan. Optimization of tax liabilities is a set of measures of economic entities aimed at reducing taxes and fees using benefits and provisions in accordance with the Tax code of the Republic of Kazakhstan. Tax planning is aimed at solving such tasks as increasing profitability and reducing tax liabilities. By disclosing accounting documents and tax reporting for tax structures, companies aim to optimize taxes and fees. For this purpose, business entities use tax planning, which provides for tax reduction based on the use of benefits in accordance with tax legislation. In general, optimization is any action aimed at improving the overall state. In the tax part, optimization involves combining tax indicators and improving the calculation of tax liabilities and the financial condition of enterprises based on them. One of the tools for optimizing taxes and fees, as well as tax planning, is the development of tax accounting policies. The tax policy discloses all the features of the company's taxes, as well as provides for the disclosure of tax documentation. The article also reveals the types of tax planning as strategic and tactical. Strategic tax planning is developed to optimize taxes and fees for the long term. Developing a plan for the current reporting period for specific types of taxes and fees means a set of tactical tax planning measures. In summary, it should be noted that the main goal of tax planning is to optimize tax liabilities and improve the efficiency of enterprises.

Key words: tax planning, optimization, corporate income tax, tax burden, tax accounting, accounting policy, performance efficiency.